



Каспи Bank  
арқылы жазылу

Облыстық қоғамдық-саяси газет

# МАҢҒЫСТАУ

1973 жылдың 13 сәуірінен шыға бастады



mangystaumedia.kz  
otpannews.kz

№25 (10425) 3 сәуір, бейсенбі, 2025 жыл

## БҮГІНГІ САНДА

### ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ДЕЛЕГАЦИЯ КЕЛДІ



**АКТАУ • 2025**  
ТҮРКІ ӘЛЕМІНІҢ МӘДЕНИ АСТАНАСЫ

2

### БЕКЕТ АТА – 275 ЖЫЛ



8

## ҚЫСҚА-НҰСҚА

### «ҚҰРЫҚ – ЖЕТІБАЙ» БАҒЫТЫ БОЙЫНША ЖАҢА МАРШРУТ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

Аудан тұрғындарының жүріп-тұруын жеңілдету мақсатында Жетібай – Актау, Мұнайшы – Актау, Жетібай – Мұнайшы – ст. Жетібай, Құрық – ст. Қаракия – Манғыстау жері бағыттарында қоғамдық көліктер іске қосылды. Жаңа бағыттағы қоғамдық көлік пилоттық жоба ретінде жүзеге асырылды. Жолақысы ересектерге – 300, балаларға 150 теңгені құрайды. Бастапқыда қоғамдық көлік күніне 3 рет кестеге сай қозғалады.

### МАН АТА АСУЫНА ҰЯЛЫ БАЙЛАНЫС ҚОСЫЛДЫ

Сонымен қатар Бекі ауылының тұрғындары мен ауылдағы орта мектепті байланыспен қамту мақсатында «Қазақтелеком» АҚ магистралінен базалық станцияға дейін талшықты-оптикалық байланыс желісі тартылды. Қазіргі таңда аумақта барлық қажетті инфрақұрылым қалпына келтіріліп, «Кселл» АҚ-ның 4G базалық станциясы орнатылды. Алдағы уақытта Beeline операторының базалық станциясы да орнатылатын болады.

### ИРАН БАҒЫТЫНДА ТАУАР ТАСЫМАЛДАУ БІРНЕШЕ ЕСЕГЕ АРТТЫ

ҚТЖ компаниясының мәліметінше, Иранға астық жөнелту 11 есе, Балтық елдеріне 10 есе, Қытайға өңделген астық өнімдерін, оның ішінде құрама жемді тасымалдау 5,5 есе артты. Орталық Азия елдеріне экспорт 48 пайызға өскен. Актау және Құрық порттары арқылы Иран бағытында тасымалдау 18 есе, Қара теңіз порттары арқылы – 35%, Балтық порттары арқылы – 26%, Балтық елдеріне 10 есе артты.

### ҚАРАҚИЯДА 8 ОТБАСЫ ЖАҢА БАСПАНАҒА ИЕ БОЛДЫ

Құрық ауылында тұрғын үй кезегінде тұрған азаматтарға 8 пәтердің кілті табысталды. Аудан әкімдігінің баспасөз қызметінің мәліметінше, Қарақия ауданында қазіргі таңда 748 азамат тұрғын үй кезегінде тұр. Тұрғын үймен қамтамасыз ету мақсатында 2024 жылы мемлекет тарапынан 701,2 миллион теңге бөлініп, 44 отбасы баспаналы болды. 2025 жылы аудан көлемінде тағы 20 пәтер сатып алу жоспарланып отыр.

Голрох ЖЕМЕНЕЙ

## ИВЕНТ-ТУРИЗМ ӨҢІР ИМИДЖІН НЫҒАЙТАДЫ



Әлемдік мәдени кеңістікте ұлттың бекзат болмысын бедерлейтін рухани тұғыр – тарихи таным, бағзы бабалар, абыз даналардан бастау алған асыл мұра – халық фольклоры, кемел тарихтың құнды жәдігері – тарихи-сәулет ескерткіштері екені мәлім.

3

## КӨКТЕМ КӨРКЕЙТКЕН ШАҒАР

Көк желекті көктем келіп, көкек айы туды. Күн күлімдеп, жылып, айнала жайқалып, құлпырды. Жер-ана қалың ұйқыдан оянып, тіршілік әлемі қайта түлеп, жанданатын сәтке түсті. Осы мамыражай мезгілде ақмаржан қаламыз – Актау да ажарына көрік қосып, жасыл желекке көмкеріледі. Халық та көктемгі сенбілікке шығып, тазалықты ту етіп, қала ішін құл-қоқыстан арылтады.

Ханым ҚҰАТ



Көктем келгелі Манғыстау өңірінде абаттандыру жұмыстары қарқынды жүргізіліп жатыр. Актау, Жанаөзен, Манғыстау, Түпқараған, Бейнеу, Қаракия және Мұнайлы қала, аудандарында халық жаппай сенбілікке шығып, сыпырғыш, қалақтарын алып, жұмысқа қызу кірісті. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» деп бірауыздан жұмыс істеген өңір тұрғындары талдардың түбін копсытып, шөптерді шауып, қоқыстарды тазартқаны көңілге қуаныш ұялатады. Қаламыздың сырт көрінісін әсемдеу үшін мұнтаздай тазалықтан бөлек талдар егіп, ғимараттар мен тұрғын үйлердің маңын жинастырып, көше бойларын, орталықтарын көркейтуге бар күштерін салып жатыр.



Өткен жылы көктемде бастау алған «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы биыл да жалғасын тапты. Мемлекет басшысының тапсырмасымен жүзеге асырылып жатқан республикалық жоба жемісін берді. Бұл шуақты іс-шараның мақсаты – тек тазалық қана емес, қоғамда экологиялық мәдениетті қалыптастыру, өскелең ұрпақты тазалыққа,

ұқыптылыққа, мәдениетке шақыру, үндеу. Жакында өткен Ұлттық құрылтайда Президент акцияның маңызын тағы бір атап өткен болатын:

«Сонымен бірге тазалық мәселесі әрдайым назарда болуы тиіс. Былтырдан бері елімізде «Таза Қазақстан» акциясы жүріп жатыр. Бастамаға азаматтар жаппай қолдау

білдірді. Ақция жалпыұлттық сипатқа ие болды. Күн жылынып келеді, енді жұрт сенбілікке шығып, айналасын тазалайды. Бұл – өте дұрыс. Мен бұған дейін де айттым, «Таза Қазақстан» – жай науқан емес. Бұл әр адамның және барша халықтың күнделікті дағдысы, өмір салты болуы қажет», – деді ол.

Жалғасы 2-бетте >>>

### ВАЛЮТА БАҒАМЫ

|                   |               |
|-------------------|---------------|
| (USD) АҚШ доллары | <b>506.40</b> |
| (EUR) Еуро        | <b>546.47</b> |
| (RUB) Ресей рублі | <b>6.19</b>   |

### АУА РАЙЫ

|               | ТҮН | КҮН |
|---------------|-----|-----|
| Ақтау         | +10 | +20 |
| Жаңаөзен      | +10 | +15 |
| Форт-Шевченко | +10 | +14 |